

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті



БЕКІТЕМІН

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің
ректоры Б.А.Ердембеков

01 2019 ж.

МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды мен атауы: 6B01- Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды мен атауы: 6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

ББ коды мен атауы: 6B01401 - Музыкалық білім

Білім беру деңгейі: бакалавриат

Берілетін дәреже: 6B01401- «Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Кредиттің жалпы көлемі:

240 академиялық кредит/ 240 ECTS

180 академиялық кредит/ 180 ECTS

120 академиялық кредит/ 120 ECTS

Түскен жылы: 2019 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Титулдық беті
2. ЖОО миссиясы, көрінуі, құндылықтары
3. ЖОО бітіруші түлектің моделі
4. Білім беру бағдарламасының паспорты
5. ББ оқытудың нәтижелері
6. Академиялық күнтізбе
7. Модульдік оқу жоспары
8. ББ картасы (Оқыту нәтижесінің картасы)
9. Білім беру бағдарламасының бөлінісінде
10. ББ ресурстық қамтамасыз етілуі
11. Білім алушылардың жалпымәдени және әлеуметтік-тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін Қ.Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университетіндегі ортаның сипаттамасы

2. ЖОО МИССИЯСЫ, КӨРІНУІ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

МИССИЯ: Елімізде және өңірде инновациялық өзгерістерді жүзеге асыратын адами капитал қалыптастыру

КӨРІНУІ: Ұлттық рейтингте үздіктер қатарында болу және Қазақстанның тұғырлы жоғары оқу орны дәрежесіне жету

ҚҰНДЫЛЫҚТАР:

- ✓ Академиялық табыстылық
- ✓ Парасаттылық
- ✓ Ашықтық және ынтымақтастық
- ✓ Жоғары сапалы білім
- ✓ Әлеуметтік белсенділік және азаматтық бастама
- ✓ Шығармашылық және көшбасшылық
- ✓ Адамдарға құрмет және ізеттілік
- ✓ Ғылым мен инновацияның бірлігі

3. ЖОО БІТРУШІ ТҮЛЕКТИҢ МОДЕЛІ

- ✓ Зерделеу саласы бойынша терең білім мен түсінікті меңгерген
- ✓ Заманауи әлемде өзін-өзі кәсіби тұрғыда іске асыруға дайын
- ✓ Іскер, шешімдер қабылдауға және жаңа мүмкіндіктер жасауға қабілетт
- ✓ Жаһандық өзгерістерге бейім
- ✓ Ақылы жетік, ой-өрісі биік адам
- ✓ Жаһандық азаматтылықты меңгерген

4. Білім беру бағдарламасының паспорты

Қолдану саласы	6B01401 – «Музыкалық білім» білім бағдарламасы өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында жүзеге асырады.
ББ коды мен атауы	6B01401 - Музыкалық білім
Нормативтік – құқықтық қамтамасыз етілуі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (2018.04.07 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) 2. ECTS-ті қолдану туралы Нұсқаулық (Еуропалық аударым және кредиттік жинақтау жүйесі). – Еуропалық одақтың жариялау кеңсесі, 2015 жыл, ISBN 978-92-79-43562-1 (2015 жылғы 14-15 мамырда Еревандағы Министрлер конференциясында бекітілген) 3. «Педагогтің кәсіби стандарты» («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығы) 4. «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығы) 5. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы) 6. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығы) 7. «Дуалды оқытуды ұйымдастыру қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі №455 бұйрығы) 8. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы) 9. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №603 бұйрығы) 10. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары білім беру оқу пәндерін кодтау жүйесі». ҚР МЖМБС 5.05.001-2005 11. «Білім беру» саласындағы Салалық біліктілік шеңбері 12. «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау туралы» ереже (№3 хаттама, 09.11.2018 жыл) 13. Студенттердің үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау (емтихан сессисы) өткізудің ережесі (№3 хаттама, 09.11.2018 жыл) 14. Студенттердің қорытынды аттестаттауын өткізу туралы ереже (№3 хаттама, 09.11.2018 жыл)
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
ББ мақсаты	Музыка мұғалімі, музыкалық-көркемдік жұмыстарын ұйымдастырушысы және музыка өнерін насихаттаушы кәсіби қызметтеріне қажет құзыреттіліктері бар жоғары білікті кадрлар даярлау.
Түлектің біліктілік сипаттамасы	

Берілетін дәреже	6B01401- «Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
Маманның лауазымдарының тізімі	<ul style="list-style-type: none"> - музыка пәнінің мұғалімі, - музыкант, орындаушы, - мәдени шараларды ұйымдастырушы, жетекші, - репетитор, оқытушы, - филармония әртісі
Кәсіби қызмет саласы	<ul style="list-style-type: none"> - мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымдары; - бастауыш, негізгі және бейіндік мектептер; - мамандандырылған мектептер; - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдар; - мәдени-ағарту ұйымдары; - филармония.
Кәсіби қызмет функциялары	<ul style="list-style-type: none"> - Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін анықтау және талдау, қажетті оқу жоспарларын, бағдарламаларын, әдістемелік материалдарын әзірлеу. - Білім алушылардың жеке әлеуеті мен қызығушылықтарын ашуды ұйымдастыру және техникалық жағдайларын әзірлеу. - Топтық және жеке оқу сабақтарын ұйымдастыру және жүргізу; оқушылардың рефлексивтік қабілеттіктерін өсіру. - Инновациялық әдістерді пайдалану мен оқу және педагогикалық әрекеттің жағдайларды зерделеу және жобалау. - Балалардың саналы түрде өз бетімен дайындалу мен жаттығу әрекеттерін ұйымдастыру - Оқу және оқу педагогикалық жағдайларды талдау, білім алушылардың жеке қызығушылықтарын және кәсіптік икемділіктерін, олардың өсу деңгейін талдау - Оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу. Сабақтарды инновациялық құралдар мен әдістерін қолданып ұйымдастыру және өткізу. - Оқу, педагогикалық және басшылық ету қызметінің жағдайларын зерттеу, жобалау және жақсартудағы инновациялық әдістерді қолдану.

5. ББ оқытудың нәтижелері

ОН 1. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы іргелі білімді, музыка мен табиғат аясында қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің негізгі заңдылықтарын және Қазақстан мәдениетінің негізгі құндылықтарын білуді көрсетеді және музыкалық-педагогикалық білім беру, мәдениет және өнер саласындағы үрдістер мен мәселелерді біле алады;

ОН 2. шығармашылық ұжымды ұйымдастырады және басқарады;

ОН 3. арнайы музыкалық аспаптарды меңгеру, дирижерлау және хор ұжымымен жұмыс жасай алады;

ОН 4. музыка сабағының құрылымы мен мазмұнын және әдістемесін біледі;

ОН 5. музыкалық қабілеттерін, оқу-танымдық қызметін дамытады;

ОН 6. оқытудың инновациялық-педагогикалық технологияларын (АКТ) қолдана біледі, оқу үрдісінде рефлексия, инновациялық идеялар, қолдана алады;

ОН 7. мектеп дидактикасының классикалық ережелерін, музыкалық-педагогикалық білім берудің тарихын, теориясын және әдіснамасын біледі;

ОН 8. концертмейстерлік дағдыларын меңгереді;

ОН 9. жеке оқыту кезінде білім алушылардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасын біледі; оқытуды саралау, интеграциялау және инклюзивті білімді біледі;

ОН 10. әріптестермен қарым-қатынас жасай алады, сын тұрғысынан ойлай біледі;

ОН 11. оқыту мен тәрбиелеудегі құзыреттілік тәсілін қолдана алады;

ОН 12. Музыкалық білім беру саласындағы ғылыми мәтіндермен жұмыс жасау үшін қазақ (орыс) шет тілдеріндегі ауызша және жазбаша сөйлеулерде ойларды дәйекті және сауатты тұжырымдау мен жеткізуді жүзеге асырады.

10. ББ ресурстық қамтамасыз етілуі

Ресурстық қамтамасыз етілуі 6В01401 - Музыкалық білім бағыты бойынша бакалавриатта білім беру бағдарламасын жүзеге асыру шарттарына қойылатын талаптар негізінде қалыптастырылып, төмендегілерді қамтиды:

- кадрлық қамтамасыз ету;
- оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;
- материалды-техникалық қамтамасыз ету.

10.1 Кадрлық қамтамасыз етілуі

Бакалавриат ББ жүзеге асыру, қағида бойынша, базалық білімі оқытылатын пән бейініне сәйкес келетін, жүйелі түрде ғылыми және (немесе) ғылыми-әдістемелік қызметпен айналысатын ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Штаттағы оқытушылардың үлесі олардың жалпы санынан, соның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының базалық және кәсіптендіру пәндер циклдары бойынша 80% кем болмауы, ал ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылардың штаттағы оқытушылар санындағы үлес салмағы 50% кем болмауы тиіс.

10.2 Оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету мыналарды қамтиды: пәннің типтік және оқу жұмыс бағдарламасы, ПОӘК, силлабус, бақылау-өлшеу материалдары, белсенді үлестірме материалдары, дидактикалық материалдар, оқу қызметі түрлерін реттейтін нормативтік құжаттар.

6В01401 - Музыкалық білім ББ барлық оқу пәндері бойынша типтік және оқу жұмыс жоспарын, ПОӘК, силлабусты, бақылау-өлшеу материалдарын, белсенді үлестірме материалдары мен дидактикалық материалдарды қоса есептегенде барлық оқу-әдістемелік құжаттама және материалдармен қамтамасыз етіледі.

10.3 Ақпараттық қамтамасыз етілуі

Әрбір студент университеттің электрондық кітапханасын, АФ РНТБ, КазНЭБ, Web of Knowledge (Thomson Reuters) и Web of Science, Scopus, Springer және университеттің ғылыми кітапханасы ресурстарымен қоса Интернет желісіне толық ене алады. Кітапхана қоры баспа және электрондық басылымдармен, мамандықтың барлық пәндері бойынша оқу және ғылыми әдебиетпен жасақталған. Бұдан басқа студенттердің РМК диссертациялық қорына кіру, РФТК АФ-ның қорына ену мүмкіндіктері бар. Оқу үдерісінің оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі жоғары білім беру талаптарына сай келеді.

10.4 Материалды-техникалық қамтамасыз етілуі

6B01401 - Музыкалық білім ББ жүзеге асыру барысында оқу жұмыс жоспарында қарастырылған, қолданыстағы санитарлық және өрт қауіпсіздік ережелері мен нормаларына сәйкес келетін сабақтың барлық түрлерін өткізуді қамтамасыз ететін материалды-техникалық база қолданылады.

Материалды-техникалық база 6B01401 - Музыкалық білім ББ бойынша сабақ өткізуге арналған лектік аудиториялары, жабдықталған кабинеттері мен зертханалары, компьютерлік кластары бар оқу ғимаратымен қамтамасыз етіледі.

Домбыра класы, Баян класы, Фортепиано класы, Роза Жаманова атындағы кабинет, Нұрсұлу Тапалова атындағы хореография залы, Әдістемелік кабинет, Мультимедиялық кабинет.

11. Білім алушылардың жалпымәдени және әлеуметтік-тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіндегі ортаның сипаттамасы

Түлектердің жалпы мәдени және әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерінің дамуын және қалыптасуын қамтамасыз ету үшін университетте барлық жағдай жасалған.

Оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылатын тәрбие жұмысының мақсаты - кәсіби, үйлесімді түрде дамыған және адамгершілік жағынан тұрақты тұлғаны қалыптастыру. Тәрбие жұмысы барысында оқу тәртібіне, тәртіп мәдениетіне, сыртқы келбетіне, патриоттық тәрбиеге, азаматтылық, жауапкершілікке, инабаттылық сезімді, адалдықты, кәсіби міндетіне адалдықты, заңға мойынұсынушылықты, бір біріне және басқаларға деген сыйластықты тәрбиелеуге аса маңызды көңіл бөлінеді. Тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асады:

- қазақстандық патриотизмге, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандығын сыйлауға, басқа халықтардың тілдеріне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- рухани-адамгершілік мәдениетін тәрбиелеу;
- азаматтық ұстанымды және саяси-құқықтық мәдениетті тәрбиелеу;
- эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу;
- дене мәдениетін тәрбиелеу және салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- экологиялық мәдениетті тәрбиелеу;
- еңбек тәрбиесі.

Университетте тәрбие үдерісін ұйымдастырудың базалық нормативтік құжаты ретінде «Студенттерді тәрбиелеу тұжырымдамасы», және университеттің ішкі нормативтік құжаттар ретінде «Өзін өзі басқару туралы», «Қыз парасаты» Клубы туралы», «Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы», «Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы», «Кураторлар кеңесі туралы», «Кураторлық жұмыс туралы», «Көркем өнерпаздық туралы», «Құқықтық білім мектебі туралы», «Нашақорлықтың алдын алу және нашақорлыққа қарсылық бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия туралы», «Спорт клуб туралы», «Дебат клубы туралы» және т.б. Ережелер жасақталған. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін университетте тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасы құрылған. Оның құрамына студенттермен және жастар

ұйымдарымен жұмыс бөлімі және әлеуметтік-мәдени жұмыс бөлімі кіреді. Мұнан басқа, университетте студенттік ректорат, жатақхананың студенттік Кеңесі, студенттік еңбек отрядтарының Штабы, кураторлар Кеңесі, спорт клубы, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Кеңес және т.б. қызмет етеді.

Университетте мәдени-көпшілік жұмысты ұйымдастыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жеткілікті материалды-техникалық база бар:

- Жастар сарайы;
- Студенттер сарайы;
- Екі спорт кешені;
- Спорт бірлестігі;
- 3 бөлек спорт залдары;
- 6 жолы бар 25 метрлік жүзу бассейні;
- Жүгіру жолы және шөппен жабылған футбол алаңы бар стадион;
- Теннис корты;
- Ату тирі;
- Студенттік көпсалалы емхана.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-де студенттер мен магистранттардың үйлесімді тұлғасын дамытуға, адамгершілік, азаматшылық, патриоттық және жалпы мәдени құзыреттерін бекітуге септігін тигізетін «Ритор» дебат клубы, құқықтық білім мектебі, «Тұмар» студенттік театры, жас ақындар клубы, «English-club», «Education club», «Universal programmer-club», «Еркеназ» би үйірмесі, «Азиза» шоу балеті, КТК (КВН) клубы, «Қыз парасаты» әйелдер клубы, «Үркер» әдеби-шығармашылық үйірмесі, «Студенттер аялдамасы» студенттік журналы, «Фемида» студенттік заңгерлік клиникасы, «Д.А.Р.» ерікті жасақтылар (волонтерлер) клубы, спорт секциялары және т.б. қызмет етеді.

Келісілді:

№23 орта мектеп-лицейінің директоры

№1 балалар музыка мектебінің директоры



Наримбетова Г.Ж

Дарибаева Т.Б

Университет Ғылыми кеңесінің отырысында қаралды. Хаттама №6 « 25 » 01 2019 жыл